

**С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина
университетінің фармация бойынша 6D110400 – «Фармация» және
6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы»
мамандықтарының Тулемисов Сакен Кутимхановичтің философия
докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған
«Фармацевтикалық кәсіпорынды дамытудағы жобаларды басқарудың
негізгі аспектілері» тақырыбындағы диссертациясын қорғау бойынша
Диссертациялық кеңес отырысының**

СТЕНОГРАММАСЫ

Алматы қ.

27-ші тамыз 2016 ж.

ХАТТАМА №3

Отырыста Диссертациялық кеңестің 10 мүшесінің 9 мүшесі қатысты.
Диссертациялық кеңестің 1 мүшесі белгілі себептермен қатыса алмады.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін
«Фармацевтикалық кәсіпорынды дамытудағы жобаларды басқарудың негізгі
аспектілері» атты тақырыбындағы ізденуші Тулемисов Сакен
Кутимхановичтің диссертациялық жұмысын қорғауы.

Диссертациялық кеңесте төрағалық етуші – фармацевтика
ғылымдарының докторы, профессор Бисенбаев Эдуард Мухамеджанович.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы – фармация
ғылымдарының докторы Бошкаева Асыл Кенесовна.

Тіркеу қағазы бойынша Диссертациялық кеңестің 10 мүшесінің 9 мүшесі
қатысты, олар:

1. Бисенбаев Эдуард Мухамеджанович – фарм.ғ.д., профессор, 15.00.02 –
фармацевтикалық химия және фармакогнозия;
2. Датхаев Убайдулла Махамбетович – фарм.ғ.д., профессор, 15.00.01 –
дәрілер технологиясы және фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру;
3. Бошкаева Асыл Кенесовна – фарм.ғ.д., 15.00.02 – фармацевтикалық
химия және фармакогнозия;
4. Устенова Гульбарам Омаргазиевна – фарм.ғ.д., доцент, 15.00.01 –
дәрілер технологиясы және фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру;
5. Азембаев Амир Аканович – фарм.ғ.к., 15.00.01 – дәрілер
технологиясы және фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру;

6. Махатов Бауыржан Калжанович – фарм.ғ.д., профессор, 15.00.01 – дәрілер технологиясы және фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру;
7. Пралиев Калдыбай Джайлолович – х.ғ.д., профессор, 02.00.03 – органикалық химия;
8. Бурашева Гаухар Шахмановна – х.ғ.д., профессор, 02.00.10 – биоорганикалық химия;
9. Ивасенко Светлана Александровна – фарм.ғ.д., 15.00.01 – дәрілер технологиясы және фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру; 15.00.02 – фармацевтикалық химия және фармакогнозия.

Маңызды себептермен Диссертациялық кеңестің 1 мүшесі: Рахимов Кайролла Дюйсенбаевич – м.ғ.д., профессор, 14.00.25 – фармакология, клиникалық фармакология қатыспады.

Төрағалық етуші - фармация ғылымдарының докторы, профессор Бисенбаев Эдуард Мухамеджанович: Аса құрметті Диссертациялық кеңестің мүшелері! Күн тәртібінде Тулемисов Сакен Кутимхановичтің «Фармацевтикалық кәсіпорынды дамытудағы жобаларды басқарудың негізгі аспектілері» тақырыбындағы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін іздену диссертациясының қорғауы. Диссертация Санжар Жаппарұлы Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің «Фармацевт-технолог» модулінде орындалған. Ғылыми кеңесшілер: Датхаев Убайдилла Махамбетович – фармация ғылымдарының докторы, Санжар Жаппарұлы Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің Фармация институтының директоры; Махатов Бауыржан Калжанович – профессор, фармация ғылымдарының докторы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармация академиясының бірінші проректоры. Шетелдік ғылыми кеңесші: Гладух Евгений Владимирович – профессор, фармация ғылымдарының докторы, Ұлттық фармациялық университетінің өнеркәсіптік фармация кафедрасының менгерушісі, Харьков қаласы, Украина. Ресми рецензенттер: Махмуджанова Комила Султоновна – фармация ғылымдарының докторы, Санкт-Петербургтік мемлекеттік химика-фармациялық академиясының Дәрілік қалыптар технологиясы кафедрасының профессоры, Санкт-Петербург қаласы, Ресей Федерациясы; Торланова Ботагоз Онгаровна – доцент, фармация ғылымдарының докторы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармация академиясының Стратегиялық жоспарлау, Сапа менеджмент жүйесі және кадрлық ресурстарды дамыту орталығының бастығы, Фармациялық өндіріс технологиясы кафедрасы менгерушісінің м.а., Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы.

Ізденушінің жеке іс құжаттарын жариялау үшін Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы, фармация ғылымдарының докторы Бошкаева Асыл Кенесовнаға сөз беріледі. 5 минут.

Ғалыми хатшы, фарм.ғ.д. Бошкаева Асыл Кенесовна: Аса құрметті төраға, құрметті диссертациялық кеңес мүшелері! PhD докторант Тулемисов

Сакен Кутимхановичтің жеке құжатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына қажет барлық құжаттар жиналған. Барлық құжаттар уақытысында тапсырылды. Мінездемені оқуға рұқсат берініздер. Тулемисов Сакен Кутимханович 1983 жылы туылған. 2005 жылы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина фармацевтика академиясын фармация мамандығы бойынша бітірген. Кейін 2010 жылы «Фармация» мамандығы бойынша Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармация академиясының магистратурасын аяқтады. 2013 жыл мен 2016 жылдар арасында Санжар Жаппарұлы Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің «Фармацевтик-технолог» модулінде PhD докторантурасын оқыды. Тулемисов Сакен Кутимхановичтің диссертациялық жұмысы заманауи фармацияның маңызды бағытына – фармацевтикалық кәсіпорынды дамытудағы жобаларды басқаруға арналған. Диссертация тақырыбы бойынша 19 ғылыми жұмыс жарияланған. Оның ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынатын басылымдарда – 4, Томсон Рейтерстің, Скопус базасындағы шетелдік басылымда – 3, Хирш индекс – 2, шетелдік және отандық халықаралық конференция материалдарында – 12, біреуі – әдістемелік нұсқаулар, екеуі – ұжымдық монография, ғылыми жұмыс нәтижелері халықаралық ғылыми тәжірибелік конференцияларда баяндалған. Мінездемеге «Фармацевтик-технолог» модулінің жетекшісі, фармацевтика ғылымының докторы Сакипова Зуриядда Бектемировнаның қолы қойылған. Диссертацияға «Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы» акционерлік қоғамы диссертациялар қорымен салыстырмалы сәйкестікке анализ жасағанда сәйкестік табылмаған. Соған байланысты «Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы» акционерлік қоғамы анықтама қағазы алынған. Докторанттың жеке құжатында «Фармация» ғылыми комитеті отырысының қорытындысы бар. №14 хаттама, 2016 жылдың 30 маусымы. Ол жерде мәселенің маңыздылығы, ғылыми жаңалығы, алынған нәтижелердің дәйектілігі мен тәжірибелік маңызы атап өтілген. Құжатқа Отрыс төраймы, химия ғылымдарының докторы Омарова Роза Амиржановнаның қолы қойылған. Диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынылған. Қорыта келгенде, өтініш берушінің құжаттары 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сай. Назар салып тындағандарыңызға рахмет.

Төрағалық етуші: Ізденушінің жеке іс құжаттары бойынша сұрақтар бар ма? Сұрақтар жоқ. Диссертацияның негізгі ережелерін баяндау үшін Тулемисов Сакен Кутимхановичке сөз беріледі. Сізге диссертациялық жұмыстың негізгі ережелерін баяндау үшін 20 минут беріледі.

Ізденуші: Рахмет! Құрметті Диссертациялық кеңес төрағасы мен кеңес мүшелері! «Фармацевтикалық кәсіпорындарды дамытудағы жобаларды

басқарудың негізгі аспектілері» тақырыбындағы фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандығы бойынша философия докторы ғылыми дәрежесін іздену диссертациясының негізгі нәтижелерін баяндауға рұқсат етініздер.

Қазіргі танда Қазақстанның фармацевтикалық нарығы әлі де импорт нарығы болып қалуда. Соңдықтан бұл саланы дамытудың негізгі мәселесі – Қазақстан Республикасында фармацевтикалық өнеркәсіптің инновациялық жобаның ауқымын арттыру болып саналады. Ішкі нарықтағы отандық фармацевтикалық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату үшін және әлемнің басқа елдердің нарығында болу үшін біз фармацевтикалық кәсіпорынның дамуын қамтамасыз ететін жобаны басқару жүйесін жетілдіруіміз қажет. Жоғарыда аталған өзекті мәселелерді шешу мақсатында біз диссертациялық жұмыстың келесідей мақсаттарын алға қойдық. Атап айтатын болсақ, Қазақстан Республикасында фармацевтикалық өнеркәсіп өндірістердің талаптарына өту барысында фармацевтикалық өнеркәсіптердің даму процестеріндегі басқару теориясының негіздеріне, әдіснама қағидаттарына және жобалардың мазмұндарына дәйектеме беру. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін келесідей мақсаттарды алға қойдық. Атап айтатын болсақ, фармацевтикалық кәсіпорынды дамыту жобасын басқарудың теориялық және әдіснамалық негіздерін зерттеу. Екіншіден, фармацевтикалық кәсіпорынды дамытуға арналған басқару жобасын үйымдастыру құрылымын зерттеп жасау және қазақстандық фармацевтикалық кәсіпорындарды дамыту қызметіне жоба жасау әдіснамасын енгізу. Сонымен қатар, дәрілік құралдардың өндірісі бойынша фармацевтикалық зауыт құрылышының концептуалды жобасын жасау.

Қазақстанның фармацевтикалық өнеркәсібі динамикалық дамып келе жатқан салалардың бірі болып саналады. Соңғы 20 жылдың ішінде Қазақстанның негізгі фармацевтикалық өнімнің өндірісі оң динамика көрсетіп келеді. Атап айтататын болсақ, 18 жылдың ішінде 40 есеге артқан. 2015 жылы Қазақстанда фармацевтикалық кәсіпорындар 31,8 миллиард теңгеге және 11403 тонна дәріге және 297,7 тонна басқа фармацевтикалық препараттар өндірілген. Бұл 2014 жылмен салыстырғанда, 16 есе аз. Экспорт пен импортқа келетін болсақ, импорт көлемі экспорт көлеміне қарағанда артық екенін атап өткеніміз қажет. Қазақстан Республикасында болып жатқан қайта жаңартулар қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыруына бағытталған. Осы мәселені шешу үшін бірқатар шаралар кешені жүзеге асырылады. Әсіресе, еңбек пен өндіруді үйымдастырудың жаңа түрлерін енгізіп, сыртқы экономикалық байланыстарды қайта үйымдастыруды жүргізу қажет. Бұл ретте «ұйым» түсінігін де атап өткеніміз жөн. Өндірісті үйымдастыру теориясының қалыптасуы мен дамуына көптеген ғалымдар өз үлестерін қосқан. Өз еңбектерінде бұл ғалымдар үйымдастыру, даму түсініктеріне көптеп токталып кеткен. Ұйымның тұрақтылығы сыртқы және ішкі ортаға, ресурстардың болуына, олардың қызметінің сипаттамасына, басқару сапасына, сонымен қатар сақтау мен зақымдану факторларына тәуелді болып келеді. Жобаларды басқару түсінігінің өзі салыстырмалы

түрде жаңадан шыққан деп есептеуге болады. Оның теориялық дамуына көптеген ғалымдар өз үлестерін қосқан. Жобаны басқару бойынша білімдердің жиынтығының нұсқауы анықтамасына сәйкес жобалардың басқару, жобаға қойылатын талаптарды қанағаттандыру үшін білім, тәжірибе, құралдар мен әдіс жиынтығы ретінде анықтауға болады. Фармацевтикалық кәсіпорындарды дамыту жобасының теориялық негіздері ретінде жобаны басқару болып саналады. Ал жобаны басқару жоба нәтижелеріне әсер ететін факторлардан бастау алады. Біз жүргізілген талдау барысында жобалардың құлдырауы мен тиімділігіне әсер ететін факторларды анықтадық. Атап айтатын болсак, 34 пайыз талаптарды анықтаудың жеткіліксіздігі және 20 пайыз білікті кадрлардың аздығы. 17 пайыз тәуекелділікті басқарудың әлсіздігі. 15 пайыз жобан өсу мониторингісінің жеткіліксіздігі. 14 пайыз нашар коммуникацияға байланысты екенін біз анықтадық. Отандық экономикадағы нарық қатынасы дамуының заманауи кезеңі фармацевтикалық саладағы кәсіпорындарды басқарудың жаңа әдісі мен амалдарын іздеуді талап етеді. Біз кәсіпорындар реинжиниринг пен сапаны кешенді басқаруды қолдандық. Салыстырмалы түрде жүргізілген қорытындыны 8-ші слайдтан көруге болады. Фармацевтикалық кәсіпорынды дамыту жобасын басқарудың ұйымдастырушылық құрылымын жасауда біз фармацевтикалық өнеркәсіптегі стандарттар жобасы негізінде қарастырдық. Біз әдебиетті талдау деректерін пайдалана отырып, өнеркәсіптегі стандарттар жобасының өмірлік циклын жасадық. 10-шы слайдта біз осы жобаның микропроцесстерін бейімдеу жоспарын қарастырдық. Сонымен қатар, жоба дамуының өмірлік циклын келесі алгоритмдерін жасадық. Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, жобаны ойлап-табу мен зауытты пайдалануға беруге дейін сол жоба дамуының циклын 12-ші слайдта көрсеткен кезеңдерге бөліп, қарастырдық. Біз GMP сипаттамасы жете берілген фармацевтикалық профильді кәсіпорындарда жиі кездесетін жағдайлардың даму жобаларының мысалдары келтірілген. Әдістемелік нұсқаулықтарды жасадық. Бұл ретте фармацевтикалық кәсіпорын дамуының тиімді бағыттарын, модельдеу кезеңдерін жасадық. Бұл модельдеуді қолдану арқылы төменде көрсетілген көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. 14-ші слайдта фармацевтикалық кәсіпорынды жетілдіру үшін диверсификация қажет. Біз қызметтеріне байланысты фармацевтикалық кәсіпорындарға тән модификацияланған жобалардың мысалдарын ұсынамыз. Яғни, басқаруды есепке алу жобасы, басқаруды қайта ұйымдастыру және еңбекақыны төлеу жобалары қарастырылды. Сіздер 14-ші слайдта көріп отырғандай, әр жобаның мақсаты, әдіс пен тәсілдері, қолжеткізілген нәтижелері көрсетілген. Біз фармацевтикалық кәсіпорындарды дамыту жобаларының, бағдарламалардың және қоржындардың салыстырмалы сипаттамаларын жүргіздік. 15-ші слайдтан көруге болады. Біз кәсіпорындағы жобаның жалпы нәтижелілігін келесі кесте жасау арқылы анықтадық. Жүргізілген зерттеулер негізінде біз жобалардың нәтижелілігін, коэффициенті фармацевтикалық кәсіпорын үшін оптимальды 1 болғанда, 0,715 тең болатынын анықтадық.

Анықтау «Зерде-фито» компаниясында жүргізілді. Ары қарай біз жаңа дәрілік құралдарды жасау бойынша біз инновациялық жобаларды басқарудың негізінде жауапкершілікті базалық қалпын жасадық. Бұл кестеде біз әр құрылымның, бөлімшелердің жұмыс түрлерін көрсеттік. Жоғарыда аталған жауапкершілікті базалық қалпы фармацевтикалық өнеркәсіппен жүзеге асыратын нақты инновациялық жобаға бейімделуі қажет. Сонымен бірге бейімдеу процесінде аталған базалық қалып нақты жобаның ерекшеліктеріне ғана емес, фармацевтикалық өнеркәсіпке үйімдастыру құрылымын да ескеруіміз қажет. Фармацевтикалық өнеркәсіп үшін ұсынылған бұл үйімдастыруышылық құрылым келесі слайдта көрсетілген. Фармацевтикалық өнеркәсіп үшін ұсынылған жобаларды басқару сапасын қамтамасыз ету механизмін жасадық. Фармацевтикалық өнеркәсіппен жүзеге асыратын әрбір жоба үшін жоба жұмысының белгілі тәртібі анықталуы тиіс. Осы кестеге сәйкес, жоба бойынша әрбір операция үшін жұмыс орны стандарттарын жасауды ұсынамыз. Сонымен қатар, біз дайын дәрілік құралдарды өндіру бойынша фармацевтикалық зауыт құрылышының концептуалды жасау жобасы алгоритмін жасадық. Бұл алгоритмді 4 кезеңге бөліп қарастырдық. Атап айттын болсақ, концептуалды жобаның бас жоспарын жасау, екінші, концептуалды жобаның технологиялық шешімдері, үшінші, сәулетті құрылыш шешімдері және инженерлік қондырғылар, желілер мен жүйелері. Біз жоғарыда аталған алгоритмді қолдана отырып, дайын дәрілік құралдарды өндіру бойынша фармацевтикалық зауыттың концептуалды жобасын жасадық. Бұл зауыттың болжамалы орналасқан жері – Қазақстан Республикасында, Оңтүстік Қазақстан облысында, Шымкент қаласы. Жобалардағы жердің жалпы көлемі 2 гектарды құрайды. Жоспарлаған кәсіпорын территориясында әкімшілік-зертханалық, өндірістік корпустар және көмекші нысандар орналасқан. Көмекші нысандарға жататындарды айта кететін болсақ: қазандық, шаруашылық блоктар, қызметкерлер демалатын орын және жүк автокөліктеріне арналған автортұрақ. Және де қалдықтарды жинауға арналған алаң. 23-ші слайдта дайын дәрілік құралдарды өндіру бойынша фармацевтикалық зауыттың тұжырымдамалар жобасын жасадық. Аталмыш жоба Зерде компаниясына ұсынылған. Қарауға алынғаны туралы анықтамасы алынды. Жалпы жобаның жасалуы келесі нормалар мен ережелерге негіз болады. Өндірісте жоспарланған жылдық көлемде 184 692 930 таблетка-капсулалар, оның ішінде терапиялық жағдайда 183 408 000 дәрілік капсулалар бар. Ал 1 284 930 препарат-цитостатиктерді шығару жоспарланады. Препараттардың тізімін 26-шы слайдтан көруге болады. Біз жоба негізінде әкімшілік-зертханалық өндірістік корпустарды жылышту, вентиляция және кондициялау жүйелері бойынша жалпы жиынтық сафаттық көрсеткіштерін жасадық. Сонымен қатар, қатты дәрілік құралдардың бөлімдерінде, зертханасында тазартылған суды тұтыну кестесін жасадық. 29-шы слайдта келесі кезекті қатты дәрі құралдар өндірісі бойынша бөлмелердің сығылған ауаны тұтыну кестелерін жасадық. Техникалық буды тұтыну шығынын есептеп шығардық.

Сонымен қатар корпустар бойынша электр қуаттылығының техникалық көрсеткіштері мен есептерін шығардық.

Жүргізілген жұмыс нәтижесінде біз келесі қорытындыларды жасадық. Арнайы әдебиетке талдау жасау, сыртқы және ішкі дамудан құралған компанияның даму түсінігінің кешенді және жүйелі талдауының әдіснамалық негіздерін анықтауға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының территориясында фармацевтикалық кәсіпорынды дамыту жобаларын басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы, жоба нәтижелілігін бағалау инструментарийлері жасалынды. Сонымен қатар, фармацевтикалық кәсіпорындағы жобаларды басқарудың сапасын қамтамасыз ету алгоритмі жасалынды. Регионалды деңгейде фармацевтикалық кәсіпорынды инновациялық жобаларын ғылыми әдістемелік негізделу жасалып, Қазақстан ұлттық медицина университетінің Фылым кеңесінде №10 хаттамасымен, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінде бекітілді. Және де әдістемелік нұсқаулар Украина ұлттық фармацевтика университетінде, сонымен қатар «Зерде» компаниясында, «Архипелаг» жобалау компаниясында және «Экофарм» компанияларында енгізілді. Біз «Дайын дәрілік құралдар өндірісі бойынша фармацевтикалық зауытты құрылышы» нысанына қатты дәрі құралдар өндірісі цехінің технологиялық қондырғысының тізімі мен сипаттамасы, зертханалық қондырғылар тізімі мен сапасны бақылау бөлімінің зертханалық жиһаз тізімін жасадық. Сонымен қатар, қатты дәрілік құралдар шығару бойынша зауыттың болжамалы штаттық кестесі, қатты дәрі құралдар өндірісі бойынша тазартылған суды қолдану кестесі, суды тұтыну кестесі, сыйылған ауаны тұтыну кестелерін жасадық. Концептуалды жобаның сәулетті және конструктивті шешімдерін корпустар бойынша электр қуаттылығын есептеуі, корпустар бойынша электр қуаттылығын техникалық көрсеткіштері мен есептерін шығардық. Әкімшілік-зертханалық пен өндірістік корпустар суды тұтыну есебі және вентиляция мен ауаны кондициялау жүйесі, қондырғылардың технологиялық сипаттамасы, бөлме тазалығының класстары, статикалық қысымы, өрт қауіпсіздігі санаты, және ауданы, ауа параметрі, ауа алмасу кестесі жасалынЫп, фармацевтикалық өнеркәсіптің дамуын басқару алгоритмі нормативтік құжаттарға сүйене отырып, жасалды.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері 22 жарияланым түрінде баспаларда жарияланды. Оның ішінде бір әдістемелік ұсыным, 2 ұйымдастырылған монография, әзірленген әдістемелік ұсыным 5 ұйымда енгізілді. Сонымен қатар әзірленген әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 24 мамырда авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі берілді. Сонымен қатар Украина мемлекетінде Зияткерлік меншік қызметінің 2016 жылы 11 қаңтарда авторлық құқығы берілді. Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері 5 ұйымда енгізілді. Назар салып тыңдағандарыңыз үшін рахмет.

Төрағалық етуші: Диссертациялық кеңестің мүшелері, марқабат, ізденушіге сұраптарының болса, қоюға болады.

Химия ғылымдарының докторы, профессор Бурашева Гаухар Шахмановна: Менің бірінші сұрағым: Сіз неге зауытты тек Шымкентте саламын дейсіз? Ол жерде «Химфарм» бар ғой. Басқа жерде салуға бұл жарамай ма? Бұл бірінші сұрақ. Және екінші: Сіз жаңа айтып жатырысыз, теориялық негіздерді ұсынып отырысыз, иә? Менің әдемі, жақсы жобам бар, мысалы. Мына кісі зауыттың директоры. Бірақ ол кісі менің жобамды тыңдамайды. Сонда мен не істеуім керек? Естімейді бұл кісі менің жақсы жобам бар екенін. Сіз теоретик есебінде біздің ортамызға делдал бола аласыз ба? Қалай жеткізуге болады менің жобамды мына зауыттың директорына? Бұл кісі менің жобамды еститіндей не жетпейді бізге, қалай ойлайсыз?

Ізденуші: Сұрақ қойғаныңыз үшін рақмет, Гаухар Шахмановна! Сұраққа жауап беруге рұқсат етіңіз. Жалпы, бізде, біріншіден Шымкент қаласында Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан себебі, Шымкент қаласында мемлекет тарапынан көмектер өте көп. Мысалға айтатын болсақ, индустріалды аймақта, экономикалық аймақтарда жер телімін тегін беру қарастырылған. Және ол жерге электр энергиясы, канализацияны жеткізіп беруде көмек көрсетілуде. Сонымен қатар Шымкент қаласында салыстырмалы түрде басқа қалалармен алғанда жұмыс, еңбек ақысы аз. Үнемдейміз. Сол себептен біз Шымкент қаласын алдық. Екінші сұрағыныңга жауап беруге рұқсат етіңіз. Бізде, жалпы диссертациялық жұмыста қалталы, үлкен бизнесмендерге ұсыну жүргізу қаралған. Жалпы зауыттың басынан бастап, шығуна дейін біз есептеп береміз: қанша шығын кететінін, қаншасын жоспарлап, қанша уақытта сіздің шығыныңызды жабады. Сол себептен меніңше, қызықтыру керек деп ойлаймын. Жалпы жобаларды толыққанды айтып өтуіміз қажет. Және оның қанша уақытта қайтарымын айтсақ дұрыс болады. Мысалы, бізде Қазақстанда көптеген кәсіпкерлер бүгінгі күнді ғана ойлаймыз. Негізі бұл өте ұзақ мерзімді жоба. Бұл жоба 7-8 жылда өз шығынын өтей бастайды. Сол себептен көбісі көп мән бере бермеуі мүмкін. Алайда қазір елімізде көп көніл бөлуде. Шымкент қаласы бойынша бірнеше зауыттарға ұсыныс жасадық. Бірнеше проект бар. Мысалға айтып кететін болсақ, «Казмедприбор» компаниясы, «Экофарм» компаниясы, «Зерде» компаниясы, тіпті «Экофарм» компаниясында 2 проект бар.

Химия ғылымдарының докторы, профессор Бурашева Гаухар Шахмановна: Және соңғы сұрағым: Басқа жұмыстардан сіздің жұмысыныңыздың ерекшелігі неде?

Ізденуші: Жауап беруге рұқсат етіңіз, Гаухар Шахмановна. Басты ерекшелігі: бізде жалпы жұмыстың концептуалды жобасын жасау, және оның алгоритмдерін тізіп көрсеттік. Басқа жобалардың біздің ерекшелігіміз, бізде онкологиялық препараттарды шығару. Онкологиялық препараттарды алған

себебіміз, Қазақстан елімізде оған көптеген шығындар болып жатыр және біз оларды импорт арқылы басқа елдерден сатып алғып жатырымыз. Мысалға салыстыратын болсақ, 2013-2014-2015 жылдары, 2014-тің өзінде біз зерттеулер жүргіздік. 2014 жылы теңгемен шаққанда 36 миллиард шығын жұмсадық. Сол себептен солардың ішіндегі онкологиялық препараттарды жасау жобасын ұсынып отырмыз, Зерде компаниясына.

Төрағалық етуші: Гаухар Шахманован, Сіз ізденушінің жауабына қанағаттандыңыз ба?

Химия ғылымдарының докторы, профессор Бурашева Гаухар Шахмановна: Қанағаттандым.

Фармация ғылымдарының кандидаты Азембаев Амир Аканович: Сізге мынандай сұрақ. Сіз зауыттарға дайын концептуалды проект жасап береді екенсіздер. Ал мына проекттегі организациялар бар ғой, атап айтқанда строительный – құрылыс жағынан, бәрі жасайтын. Солармен жұмыс істейсіз бе? Тек қана өзіңіз ғана зауыттың директорымен, болашақ зауыттың адамдарымен келісім жасайсыз ба? Бұл үкіметтің заказы бола ма? Әлде өзіңіз жасай бересіз бе? Ол бір сұрақ. Екінші сұрақ: Жаңағы құрылыс компанияларымен қалай жұмыс істейсіз? Мынаның бәрі сіздің жасаған проектіңізді алғып, сізді консультант қылып алғып, сондай жұмыс бар ма? Әлде әшейін сіздің жазып бергеніңізben болды ма? Бұл екінші сұрақ. Содан кейін мына методический рекомендацийлер жазып, әр жерге внедрение жасадым дейсіз. Сол внедрение жасадыңыз, олар қол қойып берді, «Внедлено у нас» деп. Оған ары қарай жалғасы бар ма? Олар сізді шақырып, мынау консультацияға, мынау былай, мынау былай деп сұрап сізден, сондай жалғасы бар ма? Әлде бұл жаңа бастап жатқаннан кейін ештеңе жоқ па? Содан кейін тағы бір сұрақ. Жаңағы онкологический препараттар дейсіз. Қанша экономия болады, ол дұрыс бәрі. Өзіміздің импортозамещение дейді ғой. Өзімізде шығарғанмен, Қазақстанның производствосын көтеру ғой, ол дұрыс. Сіздің болжамыңыз бойынша, әлгі онкологический препараттар шығарылатын болса, импортты қанша пайызға азайта аласыз?

Ізденуші: Сұрақ қойғаныңыз үшін рақмет, Амир Аканович! Жауап беруге рұқсат етініз. Жалпы бірінші сұрақ бойынша, біз Алматы қаласында осы зерттеу барысында «Архипелаг» үлкен жобалау компаниясымен бірлесе отырып, жасадық. Сұрағыңыз өте ауқымды. Мысалы, айтатын болсақ, тек қана өзімнің жеке жұмысым емес. Бұл сол компаниялармен бірлесе отырып жасалған жұмыс. Мысалыға қазіргі кезде «Экофарм» компаниясының өзінде қазір 2 зауыт, бірінші зауыт қазір қосылууда. Сол компанияның өзінде жобалау бөлімшесі ашылууда. Әрбір компанияның өзінде жобалау мақсатында басқа жерге шығын жұмсамау үшін өздері қазір сондай бөлімдерді ашуда. Және үшінші сұрақ бойынша жауап беруге рұқсат етініз.

Жалпы онкологиялық препараттарды алу себебіміз. Жаңа айтып өттім, 2014-2015 жылдары, біздің зерттеуімізде, біз 56 миллиард теңгеге шығын жұмсақпаз, онкологиялық препараттарға. Соның ішінде біздің онкологиялық үш препарат шығару 22 миллиардты құрайды. Жалпы 87 онкологиялық препараттар бар. Оның тек үш препаратын ғана. Және біз тек өзіміздің елімізді емес. Басқа елдерге де шығарамыз. Сіздің сұрағының бойынша, біз пайыз түрінде есептедік, 26 пайызын ғана жаба алады еkenбіз, осы шығынның. Және де біз қарастырып отырмыз, жанымыздағы Қыргыз, Ресей, Түркмения, ТМД бойынша шығаруды көздел отырмыз.

Фармация ғылымдарының кандидаты Азембаев Амир Аканович:
Сонда жаңағы құрылыш компанияларымен жұмыс істемейсіздер ғой?

Ізденуші: Құрылыш компанияларымен жұмыс істейміз. Себебі біздің диссертациялық жұмыста, өзім атап өттім, «Архипелаг» компаниясында жұмыс істеп, олардан анықтама-акт алынды. Бірлесіп, осы концептуалды жобаны жасадық.

Фармация ғылымдарының кандидаты Азембаев Амир Аканович:
Ол жақта сіз консультант болып кетсеңіз, біз мақтанамыз ғой.

Ізденуші: Қазір бізге көптеген компаниялардан ұсыныстар түсіп жатыр. Себебі, осы әдістемелік ұсынымызды көптеген компанияларға енгіздік, көптеген компаниялар қолдап отыр.

Төрағалық етуші: Амир Аканович, Сіз ізденушінің жауабына қанағаттандыңыз ба?

Фармация ғылымдарының кандидаты Азембаев Амир Аканович:
Иә, рахмет.

Химия ғылымдарының докторы, профессор Пралиев Калдыбай Джайлолович: Сәкен осы біздің елімізде субстанция жасайтын зауыт бар ма?

Ізденуші: Біздің елімізде субстанция жасайтын зауыт жоқ. Өйткені бізде сақтайтын базалар жоқ.

Химия ғылымдарының докторы, профессор Пралиев Калдыбай Джайлолович: Онкологиялық дәрілер деп жатсың ғой, мемлекет көп шығын жасайтын. Оны сатып алады ғой, жаңағы ауруларға. Олар синтетикалық жолмен алынатын заттар ғой бәрі. Оны химиясыз, химик-технологсыз қалай жасайсың?

Ізденуші: Джениериктерін аламыз. Оригинал препаратордың джениериктерін аламыз. Жанымыздағы Үнді, Қытай елдерінен субстанцияны алып, шығарамыз препараторды.

Химия ғылымдарының докторы, профессор Пралиев Калдыбай Джайлловович: Алдымен субстанциядан аламыз ғой дайын форманы. Енді субстанция жасайтын зауыт жасау керек қой.

Ізденуші: Иә.

Химия ғылымдарының докторы, профессор Пралиев Калдыбай Джайлловович: А то біз сатып аламыз, сапасыз қытайлық субстанцияны, қанша уақыт кетеді оны фармокпоеїкага жеткізем дегенше.

Төрағалық етуші: Қалдыбай Джайллович, қанағаттандыңыз ба?

Химия ғылымдарының докторы, профессор Пралиев Калдыбай Джайлловович: Иә.

Фармация ғылымдарының докторы Устенова Гульбарам Омаргазиевна: Рұқсат болса, сұрақты орысша қоя берейін. Сакен скажите пожалуйста. У вас в одной из задач есть такая формулировка: внедрение проектной методологии. Для того чтобы внедрить, проводили ли Вы сопоставительный анализ с имеющими международными, СНГ-овскими стандартами. Проводили ли вы сопоставительный анализ? Например, есть руководство по управлению проектами и т.д.

Ізденуші: Гульбарам Омаргазиевна, қойған сұрағыңыз үшін рақмет. Жауп беруге рұқсат етіңіз. Біз жасаған методикамызға Қазақстан елінде, Украина елінде авторлық құқықтарын алдық. Менім жасаған методикалық нұсқаулығымды Украина елінің Ұлттық фармацевтика университетінде қолдануда.

Фармация ғылымдарының докторы Устенова Гульбарам Омаргазиевна: Екінші сұрақ, Вы разработали рекомендации, как я поняла, по результатам вашей диссертационной работы. Нашел ли в этом документе, в проекте этого документа, отражение жизненный цикл проекта?

Химия ғылымдарының докторы, профессор Бурашева Гаухар Шахмановна: Қандай стандарттармен жұмыс істедіңіз?

Ізденуші: Диссертациялық жұмыстың презентациясында көрсетіп кеттік. Өмірлік циклдың алгоритмдерін төрт кезеңге бөліп. Төрт кезеңге бөліп көрсетіп қарастырдық.

Төрағалық етуші: Сіз ізденушінің жауабына қанағаттандыңыз ба?

Фармация ғылымдарының докторы Устенова Гульбарам Омаргазиевна: Да.

Фармация ғылымдарының докторы Ивасенко Светлана Александровна: То что улучшением фармпроизводства занимаетесь очень много лет, теоретически, практически, методологически, вы вероятно анализировали все, что делалось до вас. Хотелось бы узнать, хотя бы вкраще, какие именно особенности и новшества вы извлекли из своей работы, из своих исследований по сравнению с теми, что делалось ранее, то есть какие новые особенности обнаружили именно вы, в процессе своей работы?

Ізденуші: Светлана Александровна, қойған сұрағыныңға рахмет! Жауап беруге рұқсат етіңіз. Бізде жалпы, жаңа атап өттік, біздің мақсаттарымыз бен қорытындыларда айттық. Төрт кезеңге бөлдік. Бізде басқа зауыттармен салыстырғанда, біз мұнда онкологиялық препараттардың фармацевтикалық өндірісін алып отырмыз.

Төрағалық етуші: В чем ваши особенности?

Ізденуші: Біз олардың концептуалды жобаларын және олардың алгоритмдерін көрсеттік.

Төрағалық етуші: Может пример приведете?

Ізденуші: Мысалға айтатын болсақ, төрт кезеңдерін қарастырдық, біздің диссертациялық жұмыста. Ол кезеңдер, мысалға, концептуалды жобаның бас жоспары, концептуалды жобаның технологиялық шешімдері және концептуалдық жобаның сәulet құрылыш шешімдері және инженерлік жүйелер.

Төрағалық етуші: Есть еще вопросы?

Фармация ғылымдарының докторы, профессор, И.К. Ахунбаев атындағы Қырғыз мемлекеттік медицина академиясының фармацияның басқарылуы және экономикасы, дәрілік қалыптардың технологиясы кафедрасының менгерушісі, Бишкек қ., Қырғызстан Республикасы – Чолпонбаев Космосбек Сариевич: Можно задать вопрос. Тема очень актуальна. У меня есть три вопроса. Какие льготы предусмотрены Правительством Республики Казахстан для субъектов, внедряющих GMP стандартов в производство лекарственных средств? Второе, имеются ли в Казахстане GMP сертифицированные фармзаводы, все

ли заводы сертифицированы? Кто проводит GMP сертификацию, есть ли в Казахстане инспектора?

Ізденуші: Сұрақ бергеніңіз үшін рахмет. Сұрағыныңға қазақша жауап беруге рұқсат етіңіз. Сіздің бірінші сұрағының бойынша, Қазақстанда мемлекет тараптан көмектер өте көп. Біріншіден, жер телімдері және ол жерге керекті канализация, свет, электр қуаттарын және басқаларды тартып беруге көмек көрсетеді. Және зауыттың жүргізуі барысында, электр қуатына жартылай мемлекет тараپынан көмек, жеңілдіктер қарастырылған. Екінші сұрағының бойынша, бізде жалпы проект GMP талаптарына сай жүргізіледі, өйткені біз GMP-сіз, сертификатсыз жүргізмейді. Тек халықаралық стандарттарға сай жүргізуіміз керек. GMP болмаса бізде рұқсат өндірісті соғуға. Қазір, толық айтуыма болады, 90% зауыттар GMP алып, GMP талаптарына сәйкес жұмыс істеуде. Бізде жалпы 43 специалист бар, Денсаулық сактау және әлеуметтік даму министрлігінде GMP сертификатын беретін.

Тәрағалық етуші: Вас устраивает ответ?

Фармация ғылымдарының докторы, профессор Чолпонбаев Космосбек Сариевич: Да. Рахмет!

Тәрағалық етуші: У кого еще есть вопросы?

Химия ғылымдарының докторы, профессор Бурашева Гаухар Шахмановна: Думаю достаточно.

Фармация ғылымдарының кандидаты Азембаев Амир Аканович: Достаточно.

Фармация ғылымдарының докторы Устенова Гульбарам Омаргазиевна: Нет вопросов.

Фармация ғылымдарының докторы Ивасенко Светлана Александровна: Нет вопросов.

Химия ғылымдарының докторы, профессор Пралиев Калдыбай Джайлолович: Нет вопросов.

Тәрағалық етуші: Если вопросов нет, разрешите закончить. Кто «За»! Все «За». Сөз ресми рецензентке фармация ғылымдарының докторы, Санкт-Петербургтік мемлекеттік химика-фармацевтикалық академиясының Дәрілік қалыптар технологиясы кафедрасының профессорына Махмуджанова Комила Султоновнаға беріледі. Сөз сізге беріледі.

Ресми рецензент, фармация ғылымдарының докторы, профессор Махмуджанова Комила Султоновна: Уважаемые коллеги, когда мне позвонили, и спросили согласие мое рецензировать данную работу, я даже не знала что за тема, кто является диссертантом, я сразу с радостью, с удовольствием согласилась. Я очень рада, чтоучаствую в таком интересном Диссертационном совете. Когда мне передали диссертацию, переведенную на русский язык, особенно отдельно подчеркиваю, потому что Сакен Кутимханович, очень хорошо выступил на казахском языке, хотя диссертацию я получила на русском. Когда я начала читать данную диссертацию мне стало очень интересно, тема действительно очень актуальная, востребованная, написана хорошо, читается легко, все полученные результаты не вызывают сомнений. Стало интересно, кто же руководитель, кто же консультант этой диссертации. Когда посмотрела титул, там руководителями-консультантами являются ведущие ученые с двух стран, это ученые Казахстана Датхаев Убайдилла Махамбетович, это профессор Бауыржан Калжанович Махатов, третий консультант из Украины Гладух Евгений Владимирович, тогда стало понятно, почему диссертация так хорошо тянет к себе. Рецензию я написала, если вы разрешите, я вам прочитаю данную рецензию, которая была написана на диссертацию Сакена Тулемисова на тему «Основные аспекты управления проектами развития фармацевтического предприятия», представленный на соискание ученой степени доктора философии по специальности «Технология фармацевтического производства».

Первая часть. Актуальность темы исследования. Сегодня фармацевтический рынок Казахстана все еще остается рынком импорта, поэтому ключевыми задачами развития отрасли остается наращивание производственных мощностей предприятий фармацевтической промышленности Казахстана. Для повышения конкурентоспособности отечественного фармпредприятия на внутреннем рынке и увеличения их присутствия на рынках других стран мира, необходимо внедрять систему обеспечения качества и организовать производство в соответствии правилами GMP. Государственная поддержка и широкое внедрение стандартов GMP должна обеспечивать стабильную работу отечественного фармпредприятия и в конечном итоге обеспечить населению Казахстана безопасную, качественную и доступную лекарственную продукцию. Так как правила GMP направлены на уменьшение риска производства некачественных лекарственных средств, то есть качество должно встраиваться в продукт, а система управления проектами в общую систему менеджмента качества предприятия. Таким образом, возникает необходимость внедрения в систему управления проектов на фармпредприятиях.

Вторая часть. Научные результаты в рамках требования к диссертациям. Диссертационная работа состоит из введения, обзора литературы, глав

собственных исследований, выводов, списка литературы и приложений. Во введении полностью раскрыта актуальность проблемы, определены цели и задачи исследований, показана новизна и практическая значимость полученных результатов. В первой главе рассмотрены теоретическая основа развития фармкомпаний в СНГ и зарубежом, были определены понятия об организаций и проблемах ее развития о человеке, как факторе развития организации, проведен анализ управления проектами в Казахстане, во второй главе проанализированы составляющие компании этой системы стратегии, «Портфель». В программе проекта развития рассмотрены основные аспекты жизненного цикла управления развития, проведена инициация проектов развития фармпредприятия. В третьей главе, разработана организационная структура правления проектами развития фармпредприятий, состоящих из требований к управлению проектами развития фармпредприятий и технико-экономического обоснования фармпроектов. В четвертой главе, описана модификация проектной методологии деятельности по развитию казахстанских фармацевтических компаний, рассмотрены этапы моделирования эффективных направлений развития фармацевтических предприятий, обоснована целесообразность внедрения структуры управления проектами на фармпредприятиях. На основании проведенного исследования разработан инструментарий управления портфелем проектов и механизма включения качества управления проектами на предприятиях фармпрофиля, оценка результативности проекта, а также методическая рекомендация «Научно-методическое обоснование проектов фармпредприятий на региональном уровне». В пятой главе разработан концептуальный проект строительства фармацевтического завода по производству готовых лекарственных средств, рассмотрены технологические решения концептуального проекта, архитектурно-строительное решение концептуального проекта, инженерное оборудование, сети и системы. Диссертационная работа Тулемисова Сакена по целям и задачам, по дизайну и исследования, и полученным результатам полностью соответствует требованиям, предъявляемым к PhD диссертациям и соответствует специальности «Технология фармацевтического производства».

Третья часть, степень обоснованности и достоверности результатов, выводов и заключений формулированных диссидентом. Анализ диссертации свидетельствует, что диссидентом были четко формулированы цели и задачи исследования, научная новизна работы, основные положения выносимые на защиту. Примененные для решения поставленных задач современные методы исследования, позволили обоснованно и аргументировано формулировать выводы и заключения.

Четвертая часть, степень новизны каждого научного результата выводов и заключений соискателя, формулированных в диссертации. Научная новизна работы заключается в следующем: на основе использования комплексно-системного анализа проблем и особенности развития фармпредприятий выделена многоуровневая структура, типология,

